Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы № 225/26 шешімі

Ескерту. 14.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 14 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы *К. Кожин*

Павлодар қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы № 225/26 шешіміне қосымша

Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Қызметтердің құны (қосылған құн салығын қоса алғанда) теңге
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айына	534
Жайлы емес үйлер	1 тұрғыннан айына	604
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м3	2324

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК